

Семей Медицина Университеті  
Т. А. Назаров атындағы патологиялық  
физиология кафедрасы

# СРОП

Тақырыбы: Табиғаттағы ісіктердің таралуы. “Ісікті өсу” және “ісік” туралы түсінік.

Орындаған: Аубакиров  
Арслан 322-топ

Семей 2018

**• Ісік(blastoma, oncos, tumor)- шексіз тоқтаусыз, бақылаусыз өсумен сипатталатын патологиялық үрдіс. Ісік өсуге қабілетті кез-келген тіннен дамуы мүмкін.**

### **•ІСІКТЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ.**

- 1. Арнайы даму орны жоқ ісіктер эпителийлік ісіктер-папиллома,аденомалар;**
- 2. Экзо-эндокринді бездері және жамылғы эпителий ісіктері-ұйғы без,гипофиз,бүйрекүсті безі, аналық, аталық, сүт без ісіктері;**
- 3. Мезенхимальды ісіктер;**
- 4. Меланин түзуші;**
- 5. Нерв жүйесі мен ми қабық ісіктері;**
- 6. Қан жүйесі ісіктері;**
- 7. Тератомалар.**

### **•Ісіктердің патогенезі:**

- канцерогенді агенттердің немесе тұқым қуалаушылық патологиялардың әсерінен геномдағы соматикалық жасушалардың өзгеруі;**
- жасушалық онкогендердің белсендірілуі және антионкогендердің супрессиясы.**
- жасушаның ісікті трансформациясы және оның бақылаусыз шексіз өсу қабілетіне ие болуы.**




## Ісіктер: Қатерсіз және қатерліге бөлінеді


**Қатерсіз ісік** ерекшеліктері- капсула түзіп өседі, құрылымы қалыпты жасушаларға ұқсас келеді, ісік жасушалары дамыған және сараланған, айқындалған құрылымды атипизм, алып тастағанда қайтадан өспейді. Метастаздану болмайды. Адам үшін клиникалық көріністері жағымды. Кахексия тудырмайды және өлімге әкелмейді.



**Қатерлі ісік** ерекшеліктері- инфильтрацияланған өспе, капсуласы болмайды, жасушалық анаплазия, жетілмеген жасушалар, алып тастағанда қайтадан өседі. Метастаздану байқалады. Адам үшін клиникалық көріністері жағымсыз. Кахексия тудырады және өлімге әкеледі.



ПАПИЛЛОМА



АДЕНОМА



# Қатерсіз ісіктер

**Кахексия  
тудырмайды  
және өлімге  
әкелмейді.**

**Адам үшін  
клиникалық  
көріністері  
жағымды**

**Метастаздану  
болмайды**

**капсула  
түзіп өседі**

**құрылымы  
қалыпты  
жасушаларға  
ұқсас келеді**

**ЕРЕКШЕЛІК-  
ТЕРІ**

**ісік  
жасушалары  
дамыған  
және  
сараланған**

**алып  
тастағанда  
қайтадан  
өспейді**

**айқындалған  
құрылымды  
атипизм**

# ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕР

Е  
Р  
Е  
К  
Ш  
Е  
Л  
І  
К  
Т  
Е  
Р  
І



инфильтрацияланған өспе

капсуласы болмайды

жасушалық анаплазия

жетілмеген жасушалар

алып тастағанда қайтадан өседі

Метастаздану байқалады

Кахексия тудырады

өлімге әкеледі

Эпителийден пайда болатын арнайы даму орны жоқ қатерсіз ісіктерге **папиллома** мен **аденома** жатады.

### Папиллома

Папиллома (латынша papilla - бүртік) жалпақ және өтпелі эпителийден өсіп шығатын ісік. Ол теріде, ауыз, мұрын қуысында, көмейде, бүйрек астауында, қуықта, сүт бездерінің өзектерінде, ми қарыншаларының ішінде өседі. Папиллома көлденеңі 1 сантиметрге дейін болған түінше түрінде кейде сабақшаға ілінген полип тәрізді терінің не шырышты қабықтарының үстінде жайғасатын ісік.

### Аденома

Аденома – безді ағзалар эпителиінен, олардың өзектерінен өсетін безді ісік. Ол айналасындағы тіндерден жақсы шекараланған, үлкендігі бірнеше миллиметр-ден, ондағы сантиметрге жететін, жұмсақ ісік. Аденомалар өсіп шыққан жеріндегі тіндерге ұқсас құрылымдар түзеді. Егер аденома құрамында эпителийден гөрі дәнекер тін өсуі басым болса, бұл ісікті фиброаденома деп атайды.

# Диагностика

- 1) Эндоскопиялық зерттеу
- 2) Цитологиялық зерттеу
- 3) Морфологиялық ( биопсияны)
- 4) Рентгенологиялық зерттеу
- 5) Эхография
- 6) Компьютерлік тамография
- 7) Лабораторлы зерттеу ( -қанның морфологиялық құрамын И- ферменттерді анықтау, сынама аларды жүргізу)

**Морфологиялық әдіс**- дәрігер арнаулы құралдар (гастроскопия, ларингоскопия, т.б.) арқылы немесе жай көзбен көру арқылы тіннің патологиялық өсуінің сыртқы көрінісін макроскопиялық тексеру арқылы анықтайды.

**Микроскопиялық әдіс** -биопсия арқылы және алынған тін бөлігін зерттеу арқылы жүргізіледі. Осы әдістің арқасында ісіктің өсу не өспеуі және қандай түрі екендігін анықтауға болады

**Цитологиялық әдіс**- тін пункциясы арқылы анықталады. Арнайы ине арқылы ісік жасушаларын және сұйықтығы адам организмінен алынады.



Қатерсіз ісік болса

-Хирургиялық

Қатерлі болса

–Хирургиялық

-Сәулелік ем

-Химиотерапия

-Гармонотерапия